

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 398 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 21 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 398 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 16, 209-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "Ақпарат" деген сөз "Мәдениет, ақпарат және спорт" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Бағдарламаның іске асырылу барысын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-б ө л і м д е :

реттік нөмірлері 1.2, 1.3 және 2.2-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 14-жолда "Орындалуына жауаптылар" деген бағандағы "Ақпаратмині" деген сөз және "ТЖА" деген аббревиатура тиісінше "МАСМ" және "ТЖМ" деген аббревиатуралармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 2.3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3 Теледидар және/немесе радио Норма- МАСМ 2005 Талап хабарларын таратуды тивтік жылғы етіл- ұйымдастыру жөніндегі құқық- 4- мейді қызметті лицензиялау кезінде тық тоқсан қойылатын біліктілік кесімнің талаптары жобасы";

реттік нөмірлері 3.1, 3.2, 3.3, 3.4, 3.5, 3.6, 3.7, 3.8 және 3.9-жолдарда "Орындалуына жауаптылар" деген бағандағы "Ақпаратмині" деген сөз "МАСМ" деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

ескертудің 2-тармағының бірінші және жетінші абзацтары мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

"МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі";
"ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ